

"Автожанармай құю станцияларында және мұнай өнімдері базасында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналының нысанын және оны жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 136 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 1023 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 қыркүйекте № 33474 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Автожанармай құю станцияларында және мұнай өнімдері базасында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналының нысанын және оны жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 136 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10592 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 12) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Автожанармай құю станцияларында және мұнай өнімдері базаларында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналын жүргізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Автожанармай құю станцияларында және мұнай өнімдері базаларында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерін өндіруді және олардың айналымын мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 12) тармақшасына сәйкес әзірленген.";

1-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"1-параграф. Автожанармай құю станцияларында және мұнай өнімдері базаларында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналын жүргізу";

2-параграфтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-параграф. Автожанармай құю станцияларында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналын ресімдеу және толтыру";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. 9-бағанда тауарларға ілеспе жүкқұжаттың нөмірі көрсетіледі.

14. 10-бағанда тауарларға ілеспе жүкқұжаттың күні (күні, айы және жылы) көрсетіледі.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. 12-бағанда көрсетілген журналды жүргізуге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі, қолы қойылады.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. 9-бағанда көрсетілген журналды жүргізуге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі, қолы қойылады.";

4-параграфтың тақырыбының орыс тіліндегі мәтініне өзгерістер енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтіні өзгертілмейді;

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. 10-бағанда тауарларға ілеспе жүкқұжаттың нөмірі көрсетіледі.";

36 және 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"36. 13-бағанда тауарларға ілеспе жүкқұжаттың нөмірі көрсетіледі.

37. 14-бағанда көрсетілген журналды жүргізуге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) көрсетіледі, қолы қойылады.";

көрсетілген бұйрыққа 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қаржы министрі
2023 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 1023 Бұйрыққа
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 ақпандағы

НЫСАН

20__ жыл үшін автожанармай құю станцияларында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналы

(атауы, орналасқан жері)

*

Күні	Мұнай өнімінің пин-коды	Мұнай өнімдерінің қозғалысы (тоннамен)			
		Жұмыс күнінің (ауысымның) басындағы мұнай өнімдерінің қалдығы (мөлшері)	Сатып алынған мұнай өнімі (мұнай өнімдері базасынан не резервуардан орны өткізілген)	Отын-үлестіру колонкалары арқылы сатылған мұнай өнімдері	Жұмыс күнінің (ауысымның) соңындағы мұнай өнімдерінің қалдығы (мөлшері)
1	2	3	4	5	6

кестенің жалғасы

мұнай өнімдерін жеткізушілер туралы мәліметтер					Журналды жүргізуге жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), қолы
мұнай өнімдерін жеткізушінің атауы	жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі	ілеспе жүк-құжатының нөмірі	ілеспе жүкқұжатының күні	ілеспе жүкқұжаты бойынша мөлшері (тоннамен)	
7	8	9	10	11	12

Ескертпе * жылжымалы түрдегі автожанармай құю станцияларынан мұнай өнімдерін бөлшек саудада сатуды жүзеге асыратын мұнай өнімі нарығының субъектілері, меншік иесінің (жалға берушінің) атауы, автокөлік құралының мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісін және қауіпті жүк тасу қызметімен айналысу құқығына лицензияның нөмірін көрсетеді. Отын-үлестіру колонкалары есептеуіштерінің көрсеткіші автожанармай құю станцияларында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналына қосымшаға сәйкес толтырылады.

Автожанармай құю станциясындағы
мұнай өнімдерінің қозғалысын
есепке алу журналына
қосымша

(атауы, орналасқан жері)

Отын-үлестіру колонкаларындағы (ОҰК) есептеуіштердің көрсеткіштері								Жауапты
Күні	Мұнай өнімдерінің түрлері	Жұмыс күнінің (ауысымның) басында ОҰК есептеуішінің көрсеткіштері		жұмыс күнінің (ауысымның) соңында ОҰК есептеуішінің көрсеткіштері		Жұмыс күні (ауысымда) ішінде ОҰК арқылы сатылған мұнай өнімдерінің мөлшері, литрмен*		жеке немесе заңды тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы
		№ 1 ОҰК	№ 2 ОҰК	№ 1 ОҰК	№ 2 ОҰК	№ 1 ОҰК	№ 2 ОҰК	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Ескертпе * отын-үлестіру колонкаларының есептеуіштері арқылы өткізілген мұнай өнімдерінің мөлшері = жұмыс күні (ауысым) соңында отын-үлестіру колонкалары есептеуіштерінің көрсеткіштері – жұмыс күні (ауысым) басында отын-үлестіру колонкалары есептеуіштерінің көрсеткіштері.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Қаржы министрі
2023 жылғы 27 қыркүйектегі
№ 1023 Бұйрыққа
2 қосымша
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 136 бұйрығына
3-қосымша

НЫСАН

20__ жыл үшін мұнай өнімдерінің базаларында мұнай өнімдерінің қозғалысын есепке алу журналы

(атауы, орналасқан жері)

күні	мұнай өнімдерінің түрлері	мұнай өнімінің пин-коды	мұнай өнімдерінің қозғалысы (тоннамен)			
			жұмыс күнінің (ауысымның) басындағы мұнай	с а т ы п алынған мұнай өнімі (мұнай өнімдері базасынан не резервуардан	сатылған мұнай өнімдері (мұнай өнімдері базасына не резервуардан	жұмыс күнінің (ауысымның) соңындағы мұнай

			өнімдерінің қалдығы (мөлшері)	о р н ы (ауыстырылған)	о р н ы (ауыстырылған)	өнімдерінің қалдығы (мөлшері)
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

мұнай өнімдерін жеткізушілер туралы мәліметтер			мұнай өнімдерін алушылар туралы мәліметтер			журналды жүргізуге жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы
мұнай өнімдерін жеткізушінің атауы	жеткізушінің жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі	ілеспе жүкқұжатының нөмірі	мұнай өнімдерін алушының атауы	алушының жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі	ілеспе жүкқұжатының нөмірі	
8	9	10	11	12	13	14